

САЯСИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ



Дәріскер:

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Турсынкулова Динара Ахановна

ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ

Қоғамның саяси жүйесі – саяси, әлеуметтік, заңға тән идеологиялық, рухани нормалардың, тарихи дәстүрлерге, нақтылы қоғамның саяси режимінің бағдарламаларына тәуелді саяси институттардың, қозғалыстардың тәртіптелген тұтас жиынтығы.

Саяси жүйеге жатқызылатын қоғамдық құбылыстардың ерекше белгілері болады.



САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЗЕРТТЕУ, ТАНУ ҮШІН ЕРЕКШЕ ТӘСІЛДЕР ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ тәсілді қолдану арқылы саяси жүйе бөліктерінің ұйымдық ерекшеліктері айқындалады. Мысалы, мемлекеттің механизмінің болуы оның басқа саяси жүйе бөліктерінен ерекше екенін байқатады.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ (қызмет бағытына байланысты) тәсілді қолдану арқылы саяси ұйымның табиғи сипаты анықталады. Реттеу рөлін зерттеу арқылы саяси ұйымның қоғамдық қатынастарды қалыптастырып, дамытудағы қызметі көрсетіледі.

ИДЕОЛОГИЈАЛЫҚ тәсілді қолдана отырып саяси ұйымның нақтылы қандай таптар, әлеуметтік топтар, ұлттар үшін қызмет атқаратынын анықтауға болады.

КОММУНИКАТИВТІК тәсілді қолдану арқылы саяси ұйымның саяси жүйеге жататын басқа ұйымдармен қарым-қатынасының дәрежесін, деңгейін, көлемін, мазмұнын түсінуге болады.

Саяси жүйе дегеніміз саяси билікті және азамат пен мемлекеттің өзара байланысын ұйымдастырушы, сонымен бірге өздері өзара әрекеттесуде болатын нормалар мен идеялардың осыларға негізделген саяси институттардың, мекемелер мен әрекеттердің жиынтығы.



САЯСИ ЖҮЙЕДЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

- негізгі өндіріс құралдарының, табиғи байлықтың меншік иесі ретіндегі рөлі айрықша болады;

- қоғам дамуының басты бағыттарын айқындайды;

- барлық азаматтардың саяси ұйымы болып саналады;

- мемлекеттік басқару және мәжбүрлеу органдарының жиынтығы болып есептеледі;

- жалпыға бірдей міндетті құқық нормаларын қабылдайды;

- мемлекеттік егемендігі болады;

- ішкі және сыртқы функциялары (қызметінің бағыттары) болады;

- елдің ресми өкілі ретінде мемлекеттік билікті қоғам көлемінде жүзеге асырады.

САЯСИ ЖҮЙЕ

```
graph TD; A[САЯСИ ЖҮЙЕ] --> B[Элементтерді іріктеп алудың белгілері]; A --> C[Зерттеліп қолданылатын тәсілдер];
```

Элементтерді іріктеп алудың белгілері

- ұйымдық;

- саяси;

- бағдарламалық;

Зерттеліп қолданылатын тәсілдер

- институционалдық;

- функционалдық;

-реттеу;

- идеологиялық;

-коммуникативтік;



Саяси жүйенің саяси-нормативтік құрылымы

Саяси құрылым – саяси және мемлекеттік ұйымдар, институттар, мекемелер мен олардың араларындағы қатынастардың жиынтығы

Саяси іс-әрекет - адамдардың қоғамдағы саяси билікті жүзеге асыруында қызмет атқаруларын қамтамасыз етуге, мазмұнын өзгертуге, қорғауға бағытталған алуан түрлі әрекеттері

Саяси сана – саяси билік механизмдерінің қызметін қамтып көрсететін және саяси қатынастар аясындағы адамдардың іс-әрекеттерін мінез-құлықтарын бағыттап отыратын руханилықтың алуан түрлі көрінісі

Саяси мәдениет – саяси бірлестіктер мүшелері қабылдаған және өз қызметтері мен қатынастарын реттеу мақсатында қолданатын құндылықтар, саяси идеялар, рәміздер, наным-сенімдер жүйесі

Саяси және құқықтық нормалар - конституция, кодекстер, жарғылар, партиялардың бағдарламалары, саяси үрдістер мен рәсімдер ретінде саяси-құқықтық қатынастарды реттеудің тәсілдері болып қалыптасқан немесе белгіленген мінез-құлық ережелері



САЯСИ ПАРТИЯ

Мемлекеттегі саяси билікке қатысуға немесе билікті (өкіметті) басқару, атқару ісіне ие болуға ұмтылған идеологиялық ортақтығы арқылы ұйымдасқан ерікті одақ.

I. Негізгі белгілері:

белгілі идеологияның сақтаушысы немесе әлем мен адам болмысына ерекше көзқарасы болады;

адамдардың ұйымдасқан бірлестігі айтарлықтай ұзақ мерзім ішінде ерікті түрде, саясаттын әртүрлі деңгейлерінде жергіліктіден халықаралыққа дейін құрылымдары болады;

мақсаты - билікке ие болуға және оны жүзеге асыруға бағытталған;

саясаттағы мақсаты - қоғамның белгілі топтарының мүдделерін білдіру және оларды қорғау.

II. Құрылымы:

партия аппараты;

қатардағы мүшелері (партия бұқарасы);

партияны жақтаушылар.

III. Функциялары (қызметтері):

билік үшін күресу, оны пайдалану немесе бақылауға алу;

бүтіндей қоғамға немесе оның белгілі бөлігіне саяси тәрбие беру;

ірі-ірі әлеуметтік топтарды жандандыру, интеграциялау;

партия идеологиясын жасау, оны насихаттау және қоғамдық пікір қалыптастыру;

ірі-ірі әлеуметтік топтардың мүдделерін анықтау, тұжырымдау және негіздеу;

партия, мемлекеттік құрылымдар және түрлі қоғамдық ұйымдар үшін кадрлар дайындау және оларды қызметте жоғарылату.

Саяси жүйенің негізгі субъектілері



Тұтастай алғанда мемлекет және
мемлекеттік органдар

Саяси партиялар - олар таптық, ұлттық,
діни, проблемалық, мемлекеттік-патриоттық
болуы мүмкін

Қоғамдық саяси қозғалыстар

САЯСИ ЖҮЙЕДЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

- негізгі өндіріс құралдарының, табиғи байлықтың меншік иесі ретіндегі рөлі айрықша болады;

- қоғам дамуының басты бағыттарын айқындайды;

- барлық азаматтардың саяси ұйымы болып саналады;

- мемлекеттік басқару және мәжбүрлеу органдарының жиынтығы болып есептеледі;

- жалпыға бірдей міндетті құқық нормаларын қабылдайды;

- мемлекеттік егемендігі болады;

- ішкі және сыртқы функциялары (қызметінің бағыттары) болады;

- елдің ресми өкілі ретінде мемлекеттік билікті қоғам көлемінде жүзеге асырады.